

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN

Мультимедиялық  
акустикалық жүйе 2.0

## ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



**ROYAL 1R**  
**ROYAL 2R**

[www.sven.fi](http://www.sven.fi)

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

# ROYAL 1R ROYAL 2R

***SVEN CM акустикалық жүйесін сатып алғаныңыз үшін ризамыз!***

### **АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

© 2013. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

### **САУДА МАРКАЛАРЫ**

Барлық сауда маркалар олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

### **ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ**

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкес-сіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер, осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген зақым үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

### **МАЗМҰНЫ**

<b>1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС</b> .....	<b>1</b>
<b>2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ</b> .....	<b>2</b>
<b>3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ</b> .....	<b>2</b>
<b>4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ</b> .....	<b>2</b>
<b>5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ</b> .....	<b>4</b>
<b>6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ</b> .....	<b>7</b>
<b>7. ТЕХНИКАЛЫҚ МАЛАР</b> .....	<b>7</b>

### **1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС**

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймау үшін тексеріңіз. Құрылғыға зақым келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға зақым келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.
- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.
- Бұйымды температурасы төмен қоршаған ортадан кіргізгеннен кейін бірден қоспаңыз! Орауыштан алынған бұйымды бөлме температурасында 4 сағаттан кем емес уақыттай ұстау қажет.
- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

**Техникалық қолдау [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтында орналасқан.  
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.**

### 2. АС ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

- Колонкалар – 2 дана
- Mini-jack 2RCA стереофондық сигналдық кабель – 1 дана
- 2RCA 2RCA стереофондық сигналдық кабель – 1 дана
- Акустикалық кабель – 1 дана
- Дистанциялық басқару пульты – 1 дана
- AAA типті батареялар – 2 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулығы – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

### 3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



**Назар аударыңыз! Корпустың ішінде оқшаулауы жоқ элементтерінде, электр тоғы соғатындай кернеуі жоғары.**

- Электр тоғына ұшырамау үшін, акустикалық жүйені (АЖ) ашпаңыз және өз бетіңізбен жөндемеңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек уәкілетті сервис орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыру керек. Уәкілетті сервис орталықтардың тізімін [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтынан қараңыз.
- АЖ-нің колонкалардың арасында, дыбыс зорайтқыштың корпусына және жерге сымдардың тұйықталуына жол бермеңіз (соның ішінде «жерлендірілген»), себебі дыбыс зорайтқыштың шығу каскадтары бұзылады.
- Желілік розеткадан штепсельдің айырын суырғаннан бастап 2 секундтай аппаратураның желілік айырының істіктерін ұстауға болмайды.
- Сақтандырғышты ауыстырған кезде АЖ желіден ажыратыңыз. Сол түрдегі және номиналдағы сақтандырғыштарды қолданыңыз. Қолдан жасалған сақтандырғыштарын қолданбаңыз.
- АЖ-нің тесіктеріне басқа заттардың түсіп кетпеуінен сақтаңыз.
- АЖ-ні жоғары ылғалдан, су және шаң тигеннен сақтаңыз.
- АЖ-ні қызып кетуден сақтаңыз: қыздырғыш аспаптарға 1 м-ден жақын орнатпаңыз. Тіке күн сәулесінен аулақ ұстаңыз.
- АЖ-нде, сонымен қатар жүйенің жанына ашық жалынның ешқандай аспаптарын орнатпаңыз.
- АЖ-ні дұрыс желденбейтін жерде орнатпаңыз. Ең кішкентай ауа саңылауы – 10 см. АЖ-ні қолданған кезде оны қандай да бір құрылғыларға орнатпаңыз, суытуды қиындататын майлық немесе басқа да ұқсас нәрселермен жаппаңыз.
- АЖ-ні тазарту үшін химиялық реагенттерді қолданбаңыз, жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.

### 4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ

ROYAL 1R және ROYAL 2R акустикалық жүйелері (АЖ) әуенді шығаруға және ойындарды, фильмдерді және т.б. дыбыстандыруға арналған. АЖ-ң кіріктірме қуат күшейткіштерімен, 2 коммутацияланған стерео кірістермен жабдықталған, сол себепті кез келген дыбыс сигналдарына (CD/DVD–ойнатқыштарына, теледидарға, ДК және т.б.) қосымша қуаат күшейткішінсіз қосуға болады. Жинаққа ДБ пульты кіреді.

#### АЖ ерекшеліктері

- Екі коммутацияланған стерео кіріс
- Алдыңғы панельдегі дыбыс қаттылығын және тембрді электрондық түрде басқару

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

# ROYAL 1R ROYAL 2R

- Жібек күмбезді ЖЖ-динамиктер
- ТЖ-динамиктің оқ тәрізді фазаны тегістейтін денесі АЧХ жақсартып, бағыттың диаграммасын ұлғайтады
- Дистанциялық басқару пульты (ДБП)
- Қуат көзінің индикаторы
- Толық магниттік экрандау
- Колонкалар корпусының материалы – жабулы роялдік лақпен ағаш (MDF)

### Басқару панельдері

- ① POWER: қуат көзінің индикаторы
- ② IR: ИК-қабылдағыш терезесі
- ③ FUNCTION: дыбыс қаттылығы, ЖЖ тембрі, ТЖ тембрі және Ретке келтіруді жою атқарымдардың ауыстырып қосу түймесі
- ④ VOL-: дыбыс қаттылық деңгейін азайту түймесі
- ⑤ VOL+: дыбыс қаттылық деңгейін ұлғайту түймесі
- ⑥ AUDIO INPUT R/L: дыбыс көзін қосуға арналған PC және AUX кірістері
- ⑦ SPEAKER R: оң жақтық колонканы қосуға арналған шығыс
- ⑧ POWER ON/OFF: қуат көзін ажыратушы
- ⑨ FUSE: сақтандырғыш
- ⑩ Қуат көзінің сымы

### Дистанциялық басқару пульты (4-сурет)


- ① ST-BY: күту режимін қосу түймесі
- ② MUTE: дыбысын өшіру түймесі
- ③ BASS+/-: төмен жиілік деңгейін реттеу түймелері
- ④ INPUT: жүйенің кіруін таңдау түймелері
- ⑤ TRE+/-: жоғары жиілік деңгейін реттеу түймелері
- ⑥ RESET: зауыт реттеуішіне қайта оралу түймесі
- ⑦ VOL+/-: жалпы дауыс қаттылығын реттеу түймелері

### ДБ пультіне батареяларды салу


- ДБП-гі артқы жағында батарея бөлігін ашыңыз.
- Қарама-қарсылығын сақтап AAA типті батареяларын (жинақтан) салыңыз.
- Батарея бөлігін жабыңыз.

### Ескертпелер:


- ДБП 30° аспаған бұрышынан 7-метрлік қашықтығында қолданыңыз.
- ДБП ИК-қабылдағыштың ② терезесіне қарай қойыңыз.



1-сурет. Алдыңғы панель



2-сурет. Royal 1R артқы панелі



3-сурет. Royal 2R артқы панелі

- Егер ДБП жасамаса, батареялардың бар-жоғын тексеріңіз немесе жаңасына ауыстырыңыз.
- Пультпен аптадан көп қолданбайтын болсаңыз, батареяларды пульттан алып тастаныз.
- ДБП құрғақ таза жерде сақтаңыз.

## 5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

### АЖ-ң орналасуы

- Колонкаларды тыңдаушыға қарай симметриялық түрде бір метр қашықтықта орнатыңыз.
- Артқы қабырғаға шығатын АЖ-ң фазоинверторы бар, сондықтан, жүйені қабырғадан немесе басқа кедергіден 20-30 см қашықтықта орнатыңыз.
- Аса сезгіш мониторлар мен теледидарлар сәл ғана қате көрсетуі мүмкін, сондықтан АЖ-ні осы аспаптардан барынша алысырақ орнатыңыз.

### АЖ қосылуы


ROYAL 1R және ROYAL 2R акустикалық жүйелері кез келген дыбыс сигналдарының көздеріне: DVD/CD-плеерлерге, ДК, ноутбук және т.б. қосылуы мүмкін (5а және 5б сур. қосылу схемаларына қараңыз).

- Қосар алдында АЖ-ң желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Акустикалық кабель арқылы (жинақтағы) белсенді колонканы бәсең колонкасына жалғаңыз. Ол үшін бәсең колонкадағы ажыратулардың клеммаларын алдын ала бұрап алып, акустикалық кабельдің «плюстық» (қызыл) сымын ажыратудың «+» тесігіне, ал «минустық» (ақ) сымын жалғау клеммалардың «-» ажыратуына қосыңыз (5а және 5б сур. қосылу схемаларын қараңыз), кейін тап солай белсенді колонканың SPEAKER R ⑦ ажыратуларына кабельді жалғаңыз. Жадғау клеммалардың сомындарын қатты қысыңыз.

### Ескертулер:

- Қарама-қарсылығын сақтаңыз.
- Акустикалық кабельдің шеттерін бір-біріне тұйықтамаңыз.
- Қосылғаннан кейін барлық клеммалар жақсылап қысулы болу керек.
- АЖ-ні TV, DVD/CD-ойнатқыштарына қосу үшін 5а және 5б-сур. көрсетілгендей, 2RCA 2RCA сигналдық кабельдің RCA-джектерін (жинақтан) белсенді колонканың ⑥ AUX AUDIO INPUT R/L кірісімен, кейін TV, DVD/CD-ойнатқыштардың дыбыс кірістеріне жалғаңыз.
- АЖ-ні ДК, MP3/CD-плеерге қосу үшін 5а және 5б-сур. көрсетілгендей, алдымен mini-jack Ø 3,5 мм 2RCA сигналдық кабельдің RCA-джектерін (жинақтан) белсенді колонканың ⑥ PC AUDIO INPUT кірісіне, кейін кабельдің mini-jack-ін ДК дыбыс картасының LINE OUT портына немесе MP3/CD-плеердің дыбыс кірісінің ажыратуына (OUTPUT) қосыңыз.


**Ескерту.** Кабельдердің дұрыс қосылуына дыбыстың сапасы байланысты. Сол жақтық RCA-джек күшейткіштің сол жақтық ажыратуына (ақ түсті), ал оң жақтық RCA-джек – оң жақтық ажыратуына (қызыл түсті) тығылуы тиіс. АЖ-нің жинағындағы кабельдерін пайдаланыңыз.




4-сурет. ДБ пульты

# Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

# ROYAL 1R ROYAL 2R



5а-сурет. Royal 1R қосылу схемасы



5б-сурет. Royal 2R қосылу схемасы

- Алдыңғы панельдегі VOL- ④ түймесін немесе ДБ пультіндегі VOLUME- ⑦ түймесін пайдаланып АЖ-нің даусын барынша жай қойыңыз, кейін қуат көзінің сымы ⑩ арқылы АЖ-ні желіге қосыңыз.
- АЖ-ң қуат көзін белсенді колонканың артқы жағындағы POWER ON/OFF ⑥ ажыратқышымен (ON түрде) қосыңыз, алдыңғы панельдегі POWER ① қуат көзінің индикаторы жанады. Кейін басқару пультіндегі INPUT AUX/PC ④ түймелерімен жүйеге кіруді таңдаймыз.
- ДБ пультінде VOL+/- ⑦ түймелерімен дыбыс қаттылығының деңгейін ретке келтіріңіз. Сонымен қатар, дыбыстың қалаған деңгейін, алдын ала FUNCTION ③ атқарымдарын ауыстырып қосу түймесін бір рет басып, VOL- ④ (деңгейін азайту) және VOL+ ⑤ (деңгейін ұлғайту) түймелерімен қоюға болады, POWER ① жарық диодтың жасыл түсі жанады.
- ДБ пультіндегі BASS+/- түймелерімен төмен жиілік деңгейін ретке келтіріңіз. ТЖ қалаған тембрін, алдын ала FUNCTION ③ атқарымдарын ауыстырып қосу түймесін екі рет басып, VOL- (деңгейін азайту) ④ және VOL+ (деңгейін ұлғайту) ⑤ түймелерімен қоюға болады, POWER ① жарық диодтың қызғылт сары түсі жанады.
- ДБ пультіндегі TRE+/- ⑤ түймелерімен жоғары жиілік деңгейін ретке келтіріңіз. ЖЖ қалаған тембрін, алдын ала FUNCTION ③ атқарымдарын ауыстырып қосу түймесін үш рет басып, VOL- (деңгейін азайту) ④ және VOL+ (деңгейін ұлғайту) ⑤ түймелерімен қоюға болады, POWER ① жарық диодтың қызыл түсі жанады.
- Күту режиміне көшу үшін ДБ пультіндегі ST-BY ① (3-сур.) түймесін басыңыз. Түймені қайта бассаныз, жүйе жұмыс режиміне қайта оралады.
- Даусын уақытшы өшіру үшін, ДБ пультіндегі MUTE ② түймесін басыңыз. Даусын қосу үшін сол түймені қайта басыңыз.
- АЖ-ін пайдаланып болған соң POWER ON/OFF ⑥ (OFF түрі) ажыратқышымен құрылғыны өшіріп, сонымен қатар, қуат көзінің сымын ірозеткадан суыруды ұмытпаңыз.

**Ескертпелер:**

- **Егер FUNCTION ③ атқарымдарын ауыстырып қосу түймесін 3 секундтан көп ұстасаңыз, жүйе дыбыс қаттылық пен тембрдің реттеуіштерін бұрынғысына қояды, дыбыс шығуы тек кіріс сигналымен ғана анықталады.**
- **АЖ-ң екі дыбыс кірісі болғанына қарамастан, бір уақытта екеуінің біреуін қосуға болады: PC немесе AUX.**

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

# ROYAL 1R ROYAL 2R

### 6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Ақаулығы	Себебі	Жою жолы
АЖ қосылмайды.	Желіге қосылмаған.	Дұрыс қосылуын тексеріңіз.
	Желілік ажыратқыш қосылмаған.	Ажыратқышты қосыңыз.
Дыбысы жоқ.	Дыбысы ең жай дыбыс күйінде тұр.	Дыбыс реттегішін ретке келтіріңіз.
	Дыбыс сигнал көзі дұрыс қосылмаған.	Сигнал көздерін дұрыс қосыңыз.
АЖ-нің колонкаларында дыбысы тым жай.	Дыбысы ең жай дыбыс күйінде тұр.	Дыбыс реттегішін ретке келтіріңіз.
Дыбыстың қате шығуы.	Кіру сигналдың амплитудасы зор.	Сигнал көздері мен АЖ-ндегі дыбыс реттегіштерімен кіру сигналдың көлемін азайтыңыз.
ДБ пульты жасамайды.	Батареялары отырған.	Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз.
	Тіке күн сәуленің әсер етуі.	Колонканың немесе ДБ пульттың орнын өзгертіңіз.
	Пульт пен ИН-қабылдағыш арасындағы кедергі.	Колонканың немесе ДБ пульттың орнын өзгертіңіз.

Жоғарыда аталған жолдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетімен жөндемеңіз.

### 7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Сипаттамалар және өлшем бірліктері	Royal 1R	Royal 2R
Шығу қуаты (RMS), Вт	70 (2 × 35)	100 (2 × 50)
Жиілік диапазоны, Гц	40 – 27 000	35 – 25 000
Динамиктер диаметрі, мм жоғары жиілікті төмен жиілікті	Ø 25 Ø 133	Ø 25 Ø 165
Қуат көзінің кернеуі, В/Гц	~220/50	~220/50
Өлшемі (бір колонканың) (Ш × В × Г), мм	180 × 332 × 275	210 × 397 × 306
Салмағы, кг	12	16,9

#### Ескертулер:

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар, анықтамалар наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамаар және жиынтықтылық алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.



## Мультимедиялық акустикалық жүйе 2.0

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN



### Үлгері: **Royal 1R/Royal 2R**

Импортерлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов  
көшесінің бұрылысы, үй 13/195, 13Б кеңсе,  
тел.: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.  
«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан  
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»  
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан  
Республикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117,  
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,  
№ 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия  
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310,  
Финляндия, Котка, Котолахдентие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,  
№ 02-02, Singapore, 427447. Produced under the  
control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie,  
Kotka, Finland, 48310. Made in China.

© **Registered Trademark of Oy SVEN**  
**Scandinavia Ltd. Finland.**

**ROYAL 1R**  
**ROYAL 2R**